

СТУДЕНТТЕР ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНІНДЕГІ ОМБУДСМЕН

М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің
Студенттер құқықтары жәніндегі омбудсмені

Омбудсмен

Омбудсмен (ежелгі скандинав тілінен ұтбоð "өкілеттігі", "тапсырма") – атқарушы билік органдары мен лауазымды адамдардың қызметінде, белгілі бір азаматтың топтардың әділдігі мен мүдделерінің сақталуын бақылау функциялары жүктелетін, азаматтың немесе кейбір мемлекеттерде лауазымды адам. Әртүрлі елдерде лауазымның ресми атаулары да түрлі.

Студенттер құқықтары жөніндегі омбудсмен



М. Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің (бұдан әрі -Тарму) Студенттер құқықтары жөніндегі омбудсмені, ТарМУ студенттерінің (бұдан әрі - білім алушылар) мұдделерін қозғайтын, университетте білім беру процесінің сапасын арттыруға ықпал ету, әлеуметтік бастамалар мен мұдделерді қолдау және іске асыру, құқықтық ағарту және білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру үдерістерді басқаруға (сұраныстар мен бастамалар арқылы) қатысу құқықтары мен заңды мұдделерін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында сайланады.



Студенттер құқықтары жөніндегі омбудсмен (бұдан әрі - Омбудсмен), өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Білім туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасының студенттер құқықтары жөніндегі уәкіл шығарған нормативтік-құқықтық актілерге, ТарМУ Жарғысына, осы Ережеге және университеттің басқа да жергілікті нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.



ОМБУДСМЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ:

Білім алушылардың
құқықтары мен занды мүдделерін
қорғау жөніндегі қызметті жүзеге
асыру;

Университет
әкімшілігімен қарым-қатынас
және мәселелерде білім
алушылардың пікірін ұсыну



ОМБУДСМЕН МІНДЕТТЕРІ:

Құқықтық ағарту
және
оқушылардың
белсенді
азаматтық
ұстанымын
қалыптастыру;

Білім
алушылардың
құқықтары мен
мұдделерінің
сақталуын
бақылау;

Университетте
білім беру
үрдісінің сапасын
арттыруға ықпал
ету;

Университет
қызметінің өзекті
мәселелері
бойынша білім
алушылардың
пікірін талдау
және зерделеу;

Білім
алушылардың
материалдық
және
тұрмыстық
жағдайын
жақсарту;

әр факультеттен
үміткерлер дауыс
беру арқылы
сайланатын болады.



ОМБУДСМЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

Университет ректорымен тікелей қарым-қатынас жасау; университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелеріне, білім алушылардың өтініштерінде айтылға мәселелерді шешу жолдарын жедел түсіндіру үшін, ресми сұраныстардың көмегімен университет әкімшілігі өкілдеріне жүргінуге; Омбудсмен қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алу туралы сұрау салулармен, ТарМУ-дың тиісті лауазымды тұлғаларына қызметтік хаттар жіберуге;

Білім алушылардың жағдайын жақсартуға бағытталған бастамалармен әрекет етуге; білім алушылардың мұddeлерін қозғайтын, жергілікті нормативтік актілерді өзгерту және толықтыру бойынша өз ұсыныстарын енгізуге;

Студенттерді құқықтық ағартумен айналысу, ақпаратты тарату көздерін, әлеуметтік желілерді, корпоративтік БАҚ және т. б. пайдалана отырып, университет басшылығының ұстанымын білім алушыларға жеткізуге;

Омбудсменнің білім беру саясаты, тәрбие қызметі және әлеуметтік даму бойынша университеттің Фылыми Кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін комиссияларының, университеттің стипендиялық комиссияларының жұмысында пікірін ескеруге;

ОМБУДСМЕН МІНДЕТТЕРІ:

Омбудсмен, өз қызметінің шеңберінде міндетті:

Университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, білім алушылардың құқықтарының бұзылуына мониторинг жүргізуге;

Білім алушылардың шағымдары мен өтініштерін уақытылы (өтініш түскен сәттен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей) қарau және оларды жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға;

Білім алушылардың әлеуметтік маңызды бастамаларын қарau және жан-жақты қолдауға;

Студенттердің оқуы мен демалысы үшін қажетті жағдайларды жүзеге асыруға жәрдемдесуге;

Қазақстан Республикасындағы студенттер құқықтары жөніндегі уәкілмен өзара іс-қимыл жасауға;

Студенттік және өзге де қоғамдық бірлестіктермен, мемлекеттік билік органдарымен, білім беру мекемелерімен өзара іс-қимыл жасауға.

СТУДЕНТТІК ОМБУДСМЕН

САЙЛАУҒАТЫС, ЛИДЕР БОЛ"

